1.2. Микрокредитті өтеу тәсілі – қолма-қол ақшамен және (немесе) қолма-қол ақшасыз тәртіпте бір мезгілде немесе бөліп төлеу арқылы.

Микрокредитті өтеу есебіне кезекті төлемдер Қарыз алушымен төлем терминалдарына немесе ақша құралдарын МҚҰ шотына Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктері немесе Шарттың 1.6.2, 1.6.3-тармақтарында көрсетілген делдалдары арқылы салынады.

1.3. Қарыз алушының артық төлеген сомасы кредит бойынша кезекті төлемді өтеуге жіберіледі, ал Шарт бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда, Қарыз алушының жазбаша өтініші бойынша оның жазбаша жүгінуі мезетінен бес жұмыс күні ішінде оған қайтарылады.

1.4. Топ қазынашысы топтың мүшелері үшін кезекті төлемін салған кезде топтың барлық мүшелерінің микрокредитті төлегенін растайтын құжат бір данада ұсынылады және Топ қазынашысында сақталуы тиіс.

1.5. Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттерін тиісінше орындауы кепілдік шарты бойынша кепілгер болып табылатын тұлғалардың кепілдігімен қамтамасыз етіледі; МҚҰ Микрокредитті ақшаны топ мүшелерінің ағымдағы шоттарына аудару немесе топ қазынашысының Қарыз алушының деректемелерінде көрсетілген шотына аудару арқылы ұсынады.

Қарыз алушы микрокредиттің барлық сомасын қайтару бойынша ол толық өтелгенге дейін, соның ішінде кредиттік топтың Кепілдіктері негізінде топтың мүшесі қайтыс болған жағдайда ортақ жауапкершілікті иеленеді (*бұл тармақтар «Топтық микрокредиттер» микрокредиттік өнімі үшін*).

1.6. Қарыз алушы және МҚҰ арасында еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген кез келген негіздері бойынша тоқтаған жағдайда, осы Шарт Қарыз алушының МҚҰ-да соңғы жұмыс күнінен бастап бұзылуға жатады. Бұл Шарт бұзылған жағдайда Қарыз алушы МҚҰ бірінші талабы бойынша МҚҰ-ға микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарып, микрокредиттің пайдаланылған бөлігінде сыйақыны, сондай-ақ осы Шарт бойынша микрокредитті қайтару күнінде есептелген өзге төлемдерді қайтаруға немесе МҚҰ қарыз алушылары үшін Шарттың талаптарында қосымша келісімге қол қоюға міндетті (*бұл тармақ МҚҰ-мен еңбек қатынастарындағы Қарыз алушыға микрокредитті ұсынған жағдайда «МҚҰ қызметкерлерін кредиттеу» микрокредиттік өнімі үшін қолданылады*).

**2-бап. Микрокредитті ұсыну және өтеу тәртібі**

- 2.1.** МҚҰ Қарыз алушыға микрокредитті ақылылық, жеделдік және қайтарымдылық шарттарында ұсынады.
- 2.2.** Микрокредит Қарыз алушыға Тараптар Шартқа қол қойған соң Қарыз алушының шотына ақша құралдарын аудару арқылы қолма-қол ақшасыз тәртіпте ұсынылады.
- 2.3.** Микрокредитті қайтаруды және микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны төлеуді Қарыз алушы Шартқа қоса берілетін өтеу кестесіне сәйкес жүргізеді. Микрокредиттің Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (көлемін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкелетін шарттары өзгерген жағдайда, МҚҰ Қарыз алушыға жаңа шарттарды ескере отырып, микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және Қарыз алушыға береді.
- 2.4.** Микрокредитті пайдаланғаны үшін жылдық сыйақы мөлшерлемесі микрокредитті пайдаланудың нақты мерзімі ішінде микрокредит бойынша негізгі қарызға есептеледі.
- 2.5.** Жылдық сыйақы мөлшерлемесі 360 күнге тең күнтізбелік жылдың, 30 күнге тең айдың негізінде есептеледі. Сыйақыны есептеу мерзімін санау Қарыз алушыға микрокредитті берген күннен кейінгі келетін күннен басталады.
- 2.6.** Кезекті төлемнің күні демалыс күніне келсе, бұл төлемді Қарыз алушы айыппұл санкцияларын төлеусіз, одан кейінгі келетін жұмыс күні жүргізуі тиіс.
- 2.7.** Қарыз алушы микрокредит бойынша кезекті төлемді кешіктірген жағдайда МҚҰ-ны хабардар етуі тиіс.
- 2.8.** Қарыз алушы ақша сомасын Шартқа қоса берілетін өтеу кестесінде көрсетілген күннен бұрын төлесе немесе кесте бойынша кезекті төлемнің сомасынан артық соманы төлесе және өтеу кестесін қайта қарау туралы жазбаша өтініш болмаған жағдайда, Қарыз алушы осы арқылы МҚҰ-ның жоғарыда аталған сомаларды қолданыстағы кестеге сәйкес сыйақыны есептеумен, өтеу кестесін қайта қараусыз өтеу кестесі бойынша кезекті төлемдер кезінде микрокредитті өтеу есебіне алуына келіседі.
- 2.9.** Микрокредитті мерзімінен бұрын толық өтеген жағдайда, қарыз алушының өтініші бойынша МҚҰ бұрын ұсынған кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін кейінге қалдырылған сыйақы толық көлемде алынады.
- 2.10.** Шартқа қоса берілетін микрокредитті өтеу кестесі Қарыз алушының төлем қабілеттігін қаржылық талдау негізінде жасалады.
- 2.11.** Микрокредитті өтеу Қарыз алушының таңдауына қарай келесі әдістердің бірі арқылы жүргізіледі:
- дифференциалды төлемдер әдісі;
  - аннуитетті төлемдер әдісі;
  - микрокредитті өтеу кестесінде төлемді түзету, микрокредитті қайта құрылымдау кезінде жеңілдікті кезеңімен микрокредитті ұсыну кезінде қолданылатын басқа әдіс, яғни микрокредит бойынша ай сайынғы төлемнің көлемі Қарыз алушының қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты анықталатын әдіс.
- 2.12.** Қарыз алушыға микрокредитті немесе оның бөліктерін МҚҰ қызметкерлеріне беруге, сондай-ақ микрокредитті Шартта көзделмеген басқа мақсаттарға пайдалануға **қатаң тыйым салынады**.

### **3-бап. Қарыз алушының міндеттері**

#### **3.1. Қарыз алушының құқықтары:**

- 3.1.1.** микрокредиттер беру қағидаларымен, МҚҰ-ның микрокредиттер беру жөніндегі тарифтерімен танысу;
- 3.1.2.** алынған микрокредитке Микрокредит беру туралы шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен иелік ету;
- 3.1.3.** егер негізгі борыш пен (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күндеріне сәйкес келсе, негізгі борыш пен (немесе) сыйақыны тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлемей, одан кейінгі жұмыс күні төлеу;
- 3.1.4.** шарт бойынша берілген микрокредит сомасын тұрақсыздық айыбын (айыппұл,

өсімпұл) төлемей, микроқаржылық ұйымға мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;

**3.1.5.** «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңның 9-1-бабының [4](#) және [5-тармақтарында](#) көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін МҚҰ осы қарыз алушымен жасалған шарт бойынша құқықты (талапты) басқаға берген жағдайда банк омбудсманына жүгіну;

**3.1.6.** алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде МҚҰ-ға жазбаша өтініш жасау.

**3.1.7.** өз құқықтарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қорғау және Қазақстан Республикасының заңдарында және микрокредит беру туралы шартта белгіленген басқа құқықтарды жүзеге асыру.

**3.2. Қарыз алушы міндетті:**

**3.2.1.** Микрокредитті және есептелген сыйақыны Кестеге сәйкес ай сайын, уақтылы және толығымен төлеуге;

**3.2.2.** МҚҰ талабы бойынша Микрокредиттің қамтамасыз етілуін тексеру үшін, сондай-ақ Қарыз алушының осы Шарт бойынша қарызын толық өтеуге дейін қаржылық жағдайын тексеру үшін қажетті құжаттарды ұсынуға;

**3.2.3.** МҚҰ-ны осы Шарттың талаптарының орындалуына теріс әсерін тигізуі мүмкін барлық жағдайлар, фактілер туралы уақтылы хабарландыруға;

**3.2.4.** 5 (бес) жұмыс күні ішінде мерзімінен бұрын ішінара өтеген жағдайда, бірақ осы Шарт бойынша кезекті төлемін жасаған күннен кешіктірмей, Қарыз алушының жазбаша өтініші негізінде осы Шартқа тиісті қосымша келісім жасап, оған жасалған Жаңа кестеге қол қоюға;

**3.2.5.** МҚҰ көрсеткен мерзімде ұсынылатын қамтамасыз етуді тиісінше рәсімдеуге, сондай-ақ МҚҰ бұрын ұсынылған қамтамасыз ету бағасының және/немесе өтімділігі төмендегенін анықтаған жағдайда МҚҰ талаптарын қанағаттандыратын қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға;

**3.2.6.** МҚҰ-ны жұмыстан босағаны, табысының өзгергені, осы Шартта көрсетілген жеке мәліметтерінің, жұмыс орнының, мекенжайының, тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркеуінің, банктік деректемелерінің, пошталық адрестің, сәйкестендіру мәліметтерінің, байланыс телефон нөмірлерінің (ұялы және стационарлық байланыс) және анкеталық мәліметтердің өзгергені, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық және уақтылы орындау үшін маңызы бар барлық өзгертулер, соның ішінде Қарыз алушының үшінші тұлғалардың алдында қайта туындаған ақшалай міндеттемелері туралы жазбаша түрде хабарландыруға;

Хабарландыру, сондай-ақ өзгертулер фактісін растайтын құжаттар МҚҰ-ға осындай өзгертулер орын алғаннан бастап 3(үш) күнтізбелік күннен кешікпей түсуі тиіс;

**3.2.7.** МҚҰ-ға оның осы Шартты орындау аясында негізді сұрата алатын ақпаратты ұсынуға;

**3.2.8.** кепілді мүліктің (Кепілзаттың) жағдайын тексеру жүргізу кезінде МҚҰ-ға барынша көмек көрсетуге;

**3.2.9.** МҚҰ-ның жазбаша келісімінсіз кепілді мүліктің (Кепілзаттың) қайта жоспарлауды/қайта жабдықтауды/ қайта құруды (бұзу/салу және т.б.) кез -келген техникалық сипаттамаларын кез келген өзгертулерді жүргізбеуге;

**3.2.10.** осы Шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындауға;

**3.2.11.** МҚҰ-мен бекітілген мерзіммен оның алғашқы талабы бойынша Шарттың талаптарына сәйкес Микрокредитті нысаналы пайдалануды растайтын есептік құжаттарды ұсынуға;

**3.2.12.** Микрокредитті осы Шарттың 1.3.-тармағында көрсетілген мақсаттарда пайдалануға (болған жағдайда);

**3.2.13.** кепілзаттың нарықтық бағасын анықтау туралы бағалау есебін (тәуелсіз бағалаушының) МҚҰ-ға Шарттың талаптарын өзгерту (микрокредитті ішінара/толық мерзімінен бұрын өтеуді қоспағанда), соның ішінде қарызды қайта құрылымдау, микрокредиттеу мерзімін ұзарту немесе микрокредит бойынша мерзімді кейін шегеру туралы арызымен жүгіну күнінен алты айдан кешіктірмей ұсынуға.

**3.2.14.** жоғалған немесе зақымдалған кепілзатты бағасы тең мүлікке жоғалған немесе

зақымдалған мезетінен он күнтізбелік күннен кешіктірмей ауыстыруға және/немесе қажет болған жағдайда дәл осы мерзімде қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға;

**3.2.15.** қажет болған жағдайда жаңа кепілгерге ауыстыруға немесе кепілгер қайтыс болған жағдайда немесе қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда өзге қамтамасыз етуді ұсынуға;

**3.2.16.** 5 жұмыс күні ішіне МҚҰ-ны Шартқа тіркелген өтеу кестесінің бұзылуына әкелуі мүмкіе барлық мән-жайлар, соның ішінде: үшінші тұлғалардың Қарыз алушының, кепілгердің, кепіл берушінің мүлкіне және/немесе оның банктік шоттарына тыйым салу; Қарыз алушыға үшінші тұлғалар жіберген шағым-талаптар мен арыз талаптарын алған кезде хабарландыруға;

**3.2.17.** Ешқандай тікелей немесе жанама әрекеттермен лаңкестік қызметті қолдамауға;

**3.2.18.** Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ-мен жасалған шарттармен белгіленген өзге талаптарды орындауға міндетті.

#### **4-бап. Қарыз алушының кепілдіктері**

**Қарыз алушы мыналарды қуәландырады және кепілдік береді:**

**4.1.** осы Шартты жасау мезетіндегі Қарыз алушының үшінші тұлғалармен қарым-қатынасының болуы Қарыз алушы үшін осы Шартты жасау мезетінде кедергіні тудырмайды және шектеулерді қамтымайды;

**4.2.** осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындауға әсер етуі мүмкін мән-жайлардың жоқ екенін; мұндай мән-жайлар орын алған жағдайда Қарыз алушы МҚҰ-ны бұл туралы олар орын алған мезеттен 2 (екі) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарландырады.

**4.3.** осы Шартқа қол қойған мезетте әрекет қабілеттігі шектелмеген, ешкімнің қамқорлығы мен қорғаншылығында емес, есірткілік және алкогольдік және токсиндік мастану күйінде емес, Шарттың талаптары түсінікті, орыс тілін еркін меңгерген, мәміле себептерінде жаңылысу жоқ, сол сияқты мәміле кіріптарлық болып табылмайды, яғни алдау, күш қолдану және қорқытудың әсерінде, сондай-ақ Қарыз алушы үшін тиімсіз шарттардағы ауыр мән-жайлардың тоқайласуы салдарынан жасалмаған;

**4.4.** Қарыз алушыға қатысты басқа МҚҰ және кез келген үшінші тұлғалардың тарапынан ешқандай талаптар Қарыз алушының осы Шартты орындау мүмкіндігіне әсер етпейді. Осы Шартты орындамаған жағдайда Қарыз алушы оның кез келген үшінші тұлғалардың алдындағы міндеттемелерімен байланысты кез келген мән-жайларға сілтеме жасай алмайды және мұндай мән-жайлар МҚҰ үшін оның осы Шартта көзделген құқықтарын іске асыруға кедергі бола аламайды.

**4.5.** осы Шартқа қол қою арқылы Қарыз алушы МҚҰ-ның (өзінің пайымдауы бойынша ) ол бойынша қарызды сотқа дейінгі өндіру және төлемнің мерзімі 90 күннен асып кеткен жағдайда дауды реттеу үшін коллекторлық агенттікті тартуға келісімін береді. Осындай беру МҚҰ-ның микрокредитті ұсыну құпиясын және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзушылық болып саналмайды.

#### **5-бап. МҚҰ құқықтары**

**МҚҰ құқылы:**

**5.1.** Микрокредиттің нысаналы пайдалануын бақылау мақсатында Қарыз алушының растаушы құжаттарды ұсынуды сұрату және/немесе МҚҰ қызметкерін мониторинг жүргізу үшін (Микрокредиттің мақсаттарына байланысты) Қарыз алушының тұрғылықты мекенжайы/бизнес орны/ жұмыс орнына жіберу арқылы мониторингтеу.

**5.2.** микрокредиттерді Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етумен немесе қамтамасыз етусіз ұсынуға;

**5.3.** Микрокредитті Қарыз алушы шарттарын тиісінше орындағаннан кейін ғана ұсынуға:

- Қарыз алушының МҚҰ талап еткен барлық құжаттарды ұсынуы;

- Қарыз алушының теңгемен ағымдағы шотының болуы.

**5.4.** Қарыз алушыдан МҚҰ-ның Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық және/немесе ішінара орындамауы жағдайда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұсынылған жазбаша сұраныстар негізінде осы Шартта қамтылған және осы Шарттың талаптарының

орындалуына (орындалмауына) қатысты ақпаратты ұсынуына келісімін алуға;

**5.5.** Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін көзделген өсімпұлды біржақты тәртіпте толық немесе ішінара қолдануға, жоюға уақытша тоқтатуға және қолданылуын қайта жаңғыртуға.

**5.6.** осы Шарт бойынша қарызды Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте, сондай-ақ кепіл берушіге (Қарыз алушыға) кепілге қойған мүлкін өзбетімен іске асыруға келісімін ұсыну арқылы өндіруге;

**5.7.** Қарыз алушыдан осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

**5.8.** Микрокредитті ұсыну туралы шарт бойынша құқықты (талапты) «Микроқаржылық қызмет туралы» заңның 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғаға беруге;

**5.9.** Қарыз алушының өтініші бойынша тауарды, жұмыстарды немесе қызметтерді төлеу мақсатында микрокредитті үшінші тұлғаға аударуды екінші деңгейлі банк арқылы іске асыруға;

**5.10.** Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңында көзделген жағдайларда микрокредитті ұсынудан бас тартуға құқылы.

## **6-бап. МҚҰ міндеттері**

### **6.1. МҚҰ міндетті:**

1) орналасқан жері немесе атауы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органды, сондай-ақ қарыз алушыларды микроқаржылық ұйымның орналасқан мекенжайы бойынша екі баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде тиісті ақпаратты жариялау арқылы, сондай-ақ қарыз алушының заңды мекенжайы бойынша осындай өзгерістер күнінен отыз күнтізбелік күнінен кешіктірмей әр қарыз алушыны жазбаша хабарландыру арқылы жазбаша мәлімдеуге;

2) микрокредитті ұсыну ережелерінің көшірмелерін МҚҰ-ның қарыз алушының көруі және танысуы үшін қолжетімді жерде, соның ішінде [www.bereke.kz](http://www.bereke.kz) микроқаржылық ұйымның интернет-ресурсында орналастыруға;

3) өтініш берушіге микрокредитті алумен, қызмет көрсетумен және өтеумен (қайтарумен) байланысты төлемдер туралы толық және сенімді ақпаратты ұсынуға;

4) өтініш берушіге микрокредитті ұсыну туралы шартты жасағанға дейін танысу және микрокредитті өтеу әдістерін таңдау үшін түрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынуға міндетті. Қарыз алушыға микроқаржылық ұйымдаардың жеке тұлғаларға беретін микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерін есептеу әдістемесіне және уәкілетті органның нормативті-құқықтық актілерімен белгіленген осындай микрокредиттер бойынша сыйақыны есептеудің уақытша базаларына сәйкес есептелген микрокредитті ұсыну шартында бекітілген мерзімділікпен және өтеудің келесі әдістері бар микрокредитті өтеу кестелерінің жобасы міндетті түрде ұсынылуы тиіс:

микрокредит бойынша қарызды өтеу негізгі қарыз бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі қарыздың қалдығы мерзімі ішінде есептелген сыйақыны қамтитын азайып жатқан төлемдер арқылы іске асырылатын дифференциалды төлемдер әдісімен;

микрокредит бойынша қарызды өтеу микрокредиттің бар мерзімі бойында негізгі қарыз бойынша ұлғаймалы төлемдерді және негізгі қарыздың мерзімі ішінде есептелген сыйақы бойынша кемімелі төлемдерді қамтитын тең төлемдер арқылы іске асырылатын аннуитетті төлемдер әдісі.

**6.2.** МҚҰ микрокредиттерді ұсыну ережелеріне сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсына алады;

**6.3.** Жеке тұлғаға берілген тұрғынжай және (немесе) тұрғынжай орналасқан жер учаскесі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредит беру немесе жеке тұлғаға берілген тұрғынжай және (немесе) тұрғынжай орналасқан жер учаскесі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредитті өтеу мақсатында жаңа микрокредит беру туралы шартты орындау талаптарын өзгерту кезінде, мерзімі өткен сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) негізгі



борыш сомасына капиталдандыруға (жинақтап қосуға) жол берілмейді.

6.4. Жеке тұлғамен жасалған, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес және тұрғынжай және (немесе) тұрғынжай орналасқан жер учаскесі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілмеген микрокредит беру туралы шартты орындау талаптарын өзгерту немесе жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес және тұрғынжай және (немесе) тұрғынжай орналасқан жер учаскесі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілмеген микрокредитін өтеу мақсатында жаңа микрокредит беру кезінде негізгі борыш сомасына капиталдандырылған (жинақтап қосылған) мерзімі өткен сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) сыйақыны есепке жазуға жол берілмейді.";

**7-бап. Ұйымның құқықтары:**

1) шарттың талаптарын қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту;

2) қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күннен асыра отырып бұзған кезде микрокредит және ол бойынша сыйақы сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;

3) қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөнінде келісімге қол жеткізілмеген және қарыз алушы-жеке тұлға берешек бойынша қарсылықтар бермеген жағдайда, қарыз алушы-жеке тұлғаның келісімін алмастан, нотариустың атқару жазбасының негізінде негізгі борышты, сыйақыны және айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті өндіріп алу мүмкіндігін көздейді.

**8-бап. Ұйымның міндеттері:**

1) шарт бойынша ұйым құқығының (талап етуі) үшінші тұлғаға өту талаптары (бұдан әрі – талап ету құқығын басқаға беру шарты) қамтылған шартты жасасу кезінде қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) мыналар жөнінде:

талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты қарыз алушының дербес деректерін шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен өңдеу туралы;

талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде банктік қарызды өтеу жөніндегі бұдан былайғы төлемдердің үшінші тұлғаға (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және тұрған жері) тағайындалатынын, берілген құқықтардың (талап етулердің) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, айыпақының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, құқықтың (талап етудің) үшінші тұлғаға өткені туралы шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар етуді;

2) қарыз алушыны шартта көзделген тәсілмен және мерзімде, бірақ мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей мыналар жөнінде:

шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;

қарыз алушы-жеке тұлғаның шарт бойынша ұйымға жүгіну құқығы;

қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары жөнінде хабардар етуді көздейді.

Шартта, егер хабарлама борышкерге шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен:

шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған болса;

жеткізілгенін тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана

отырып жіберілсе, ол жеткізілген болып есептеледі деген талап қамтылады;

3) қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарау және қарыз алушы-жеке тұлғаға жазбаша нысанда не шарт бойынша көзделген тәсілмен мыналар жөнінде:

шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісуі;

берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары;

бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсетумен, шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы хабарлау.

4) ұйым шартта көзделген тәртіппен жақсарту талаптарын қолданған жағдайда шарт талаптарының өзгеруі туралы қарыз алушыны хабардар ету;

5) тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесін шартқа қоса беру.

Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкелетін микрокредит талаптарының өзгеруі жағдайында ұйым жаңа талаптарды ескерумен, микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және қарыз алушыға береді.

Осы тармақшаның талаптары, егер микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылған жағдайда, кредиттік желіні беру (ашу) туралы келісімге, сондай-ақ «Микроқаржылық қызмет» Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шартқа қолданылмайды.

### **9-бап. МҚҰ үшін шектеулер.**

**9.1. МҚҰ үшін шектеулер мынадай тыйымдарды көздейді:**

**1.** сыйақы мөлшерлемесін немесе сыйақы мәнін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу әдісі мен тәсілін біржақты тәртіппен өзгерту;

**2.** микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеу және қарыз алушыдан өндіріп алу;

**3.** микроқаржылық ұйымға микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеген жеке тұлға болып табылатын қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және басқа да төлемдерді талап ету;

**4.** микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайту;

**5.** егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алу, және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады;

**6.** кез келген валюталық баламасын көрсете отырып, теңгемен берілген микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеу;

**7.** кепілге салынған заттарды пайдалану және оларға иелік ету.

**8.** қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік тоқсан күні өткен соң тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) есепке жазуға және талап етуге құқылы емес.

**9.2.** кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімін өткізіп алудың тоқсан күні ішінде мерзімі өткізіп алынған әрбір күн үшін мерзімі өткізіп алынған төлем сомасының 0,5 пайызынан аспауға тиіс, мерзімін өткізіп алудың тоқсан күні өткеннен кейін мерзімі өткізіп алынған әрбір күн үшін мерзімі өткізіп алынған төлем сомасының 0,03 пайызынан аспауға, бірақ микрокредит беру туралы шарт қолданылатын әрбір жылға берілген микрокредит сомасының он пайызынан артық болмауға тиіс.

**9.3.** жеке кәсіпкерлік қызметімен байланысты емес, жеке тұлғамен қамтамасыз етілген микрокредит бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан

күнтізбелік бір жүз сексен күні өткен соң есепке жазылған сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге құқылы емес.

### **10-бап. Микрокредитті мерзімінен бұрын қайтару**

#### **10.1. Осы Шарт:**

- осы Шартта көзделген жағдайларда;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бұзыла алады.

**10.2.** МҚҰ соманы, соның ішінде, бірақ онымен ғана шектелмей, Қарыз алушыдан осы Шартқа сәйкес алынуы тиіс Негізгі қарыз сомасын, есептелген сыйақыны, өсімпұл мен өзге сомаларды МҚҰ көрсеткен мерзімде келесі жағдайларда толық көлемде өндіру талабын қоюға құқылы:

**10.2.1.** егер кепілзаты оның кепілдік туралы шартының талаптарына сай емес қалдырылған кепіл берушінің иелігінен шыққанда;

**10.2.2.** кепіл беруші кепілзатын ауыстыру туралы ережелерді бұзғанда (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 314-бабы);

**10.2.3.** кепіл ұстаушы жауап бермейтін мән-жайлар бойынша кепілзаты жоғалғанда (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 313-бабының 2-тармағы), егер кепіл беруші осы Кодекстің 314-бабындағы 2-тармағында көзделген құқықты пайдаланбаса;

**10.2.4.** кепіл берушінің атқарушылық құжат бойынша кепіл берушіде басқа мүлік болмаған жағдайда, кепіл ұстаушысы талабының алдында артықшылықтары жоқ үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелерін орындау мақсатында өндіріп алуға жүгінгенде;

**10.2.5.** Қарыз алушының осы Шарттың Кестеге сәйкес кезекті төлемін қайтару бойынша талабын 40 күннен артық бұзылғанда;

**10.2.6.** Микрокредитті нысаналы пайдаланбаған жағдайда;

**10.2.7.** Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге жағдайларда;

**10.2.8.** МҚҰ-дан қарызды мерзімінен бұрын қайтару туралы талапты қамтитын хабарландыру алған кезде қарыз алушы осындай хабарландыруда көрсетілген мерзімде қарызды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

Жоғарыда аталған жағдайда МҚҰ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген, осы Шарт бойынша Қарыз алушының қарызын қайта үшін оның құқықтары мен мүддесін қорғау үшін қажетті және жеткілікті барлық шараларды қолдануға құқылы.

**10.2.9.** МҚҰ сотқа қарызды мерзімінен бұрын өндіру туралы арызданған жағдайда, сыйақы қарызды берген күннен бастап (қоса есептегенде) және кейінгі тізбекті алпыс күнтізбелік күн (қоса есептегенде) бойынша есептеледі. Сотқа арыз берілген күннен бастап тізбекті алпыс күнтізбелік күн өткен соң сыйақыны есептеу тоқтатылады. Қарыз алушы сотқа арыз берілгеннен кейін негізгі қарыз сомасын мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, МҚҰ микрокредитті нақты пайдаланғаны үшін ғана сыйақыны есептейді.

### **11-бап. Міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі.**

**11.1.** Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі Тарап осы бұзушылыққа байланысты туындаған барлық шығындарды өтейді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес жауап береді.

**11.2.** МҚҰ Қарыз алушыдан өсімақыға қосымша, МҚҰ-мен бір жақты тәртіппен дәлелді есептелген, Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы және / немесе тиісінше орындамауы салдарынан шеккен барлық шығындарды және / немесе келтірілген залалдарды толық көлемде өтеуді талап етуге құқылы.

**11.3.** Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда, осы Шарт бойынша міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мұрагеріне (мұрагерлеріне) өтеді.

**11.4.** Осы Шарттың талаптарында көзделмеген жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

**11.5.** Тараптардың өсімақыны төлеуі оларды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаудан босатпайды.

## **12-бап. Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі**

**12.1.** МҚҰ Үлгі шарттарға егер өзгесі көзделмесе, баспада жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар жасауға құқылы және олар осындай өзгертулер мен толықтырулар енгізілген соң жасалған Шарттарға қатысты қолданылады.

Үлгі шарттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізгенге дейін жасалған Шартқа мұндай өзгертулер мен толықтырулар МҚҰ-ның біржақты тәртіпте өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы оларды Қарыз алушы үшін жақсартуды қоспағанда, МҚҰ мен Қарыз алушының арасында Шартқа қосымша келісім жасалған жағдайда қолданылады.

**12.2.** Шарттың Тараптары оған қосымша келісім жасау арқылы Тараптардың осы Шарттан туындайтын қатынастарына ғана қолданылатын Үлгі шарттардың талаптарына өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

**12.3.** Шарттың талаптары Тараптармен МҚҰ-ның біржақты тәртіпте өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы оларды Қарыз алушы үшін жақсартуды қоспағанда, оған қосымша келісім жасау арқылы өзгертіліп, толықтырыла алады.

**12.4.** Үлгі шарттарда белгіленбеген талаптар Шартта белгіленеді. Тараптардың Үлгі шарттармен және Шартпен реттелмеген қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасында реттеледі.

## **13-бап. Берешекті реттеу шарттары мен тәртібі және төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қатысты қолданылатын шаралар**

1. Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындаудың өткізіп алынған мерзімі болған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей микроқаржы ұйымы микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде қарыз алушыны:

- 1) микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімді өткізіп алудың туындағаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткізіп алынған берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі;
- 2) микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушы – жеке тұлғаның микроқаржы ұйымына өтініш жасау құқығы;
- 3) қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар етуге міндетті.

Микроқаржы ұйымы қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

2. Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарыз алушы-жеке тұлға микроқаржы ұйымына баруға және (немесе) өзінің микрокредит беру туралы шарттың талаптарына, оның ішінде:

- 1) сыйақы мөлшерлемесін не микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертуге;
- 2) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;
- 3) берешекті өтеу әдісін немесе өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;
- 4) микрокредит мерзімін өзгертуге;
- 5) микрокредит бойынша мерзімі өткізіп алынған негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюға;
- 6) тараптардың келісімімен белгіленген мерзімдерде кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті дербес өткізуіне;
- 7) микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына микроқаржы ұйымына кепілге қойылған мүлікті беру арқылы бас тарту төлемін ұсынуға;
- 8) сатып алушыға микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізуге байланысты өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін, микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені

орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістер және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын жазбаша нысанда өтініш не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен ұсынуға құқылы.

3. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен микроқаржы ұйымы қарыз алушы – жеке тұлғаның өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарайды және қарыз алушы-жеке тұлғаға:

- 1) микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні;
- 2) берешекті реттеу жөніндегі өзінің ұсыныстары;
- 3) бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тартатыны туралы жазбаша нысанда не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен хабарлайды.

4. Қарыз алушы-жеке тұлға микроқаржы ұйымының осы баптың 3-тармағының 3) тармақшасында көзделген шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеген кезде бір мезгілде микроқаржы ұйымын хабардар ете отырып, уәкілетті органға өтініш жасауға құқылы.

Уәкілетті орган қарыз алушы – жеке тұлғаның өтінішін оның микроқаржы ұйымына өтініш жасауының дәлелдемесі ұсынылған және микроқаржы ұйымымен микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде қарайды.

Уәкілетті орган "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушы – жеке тұлғаның тұрғынжай болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беру туралы шарт жөніндегі өтінішін қарау кезеңінде кепілге қойылған мүлікке сотқа талап қоюды беру арқылы өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде белгіленген талап уәкілетті орган өтінішті өтініш жасалған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен астам қараған, сондай-ақ қарыз алушы – жеке тұлғаның бұрын қаралған мәселе бойынша өтініші қайта берілген жағдайларда қолданылмайды.

Қарыз алушы жеке тұлғаның өтінішін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

5. Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушы-жеке тұлға осы баптың 2-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған не қарыз алушы-жеке тұлға мен микроқаржы ұйымы арасында микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда, микроқаржы ұйымы:

- 1) қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарауға құқылы.

Шаралар қолдану туралы шешім микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

- 2) берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге құқылы.

Микрокредит беру туралы шартта қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген жағдайда микроқаржы ұйымының коллекторлық агенттікті тарту құқығы болған кезде берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге жол беріледі;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) микрокредит беру туралы шартта көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде сотқа микрокредит беру туралы шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы талап қоюмен жүгінуге, сондай-ақ кепілге қойылған мүлікке соттан тыс тәртіппен ("Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда) не сот тәртібімен өндіріп

алуды қолдануға;

4) сотқа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушы – дара кәсіпкерді, заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы талап қоюмен жүгінуге құқылы.

6. Атқарушылық жазба негізінде берешекті өндіріп алу МҚҰ орналасқан жердің немесе оның кез келген филиалының орналасқан жерінің мекен жайы бойынша жүзеге асырылады.

#### **14-бап. Өзге шарттар**

**14.1.** Үлгі шарттар мен Шарт Тараптар Шартқа қол қойған мезеттен күшіне енеді және Қарыз алушы МҚҰ алдында өз міндеттерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

**14.2.** Тараптардың Шартта көрсетілген мекенжайлары бойынша жіберілген барлық хабарландырулар тиісті мекенжай бойынша жіберілген болып саналады.

**14.3.** Осы арқылы Қарыз алушы өзінің МҚҰ-ға ұсынған мобильді (ұялы) телефондарға, нөмірлерге қоңырау шалуға, ұялы байланыс операторлары және/немесе телекоммуникациялық қызметтердің өзге жеткізушілері арқылы SMS хабарламалар жіберуге, келісімін береді және бұл жөнінде талап және дау келтірмеуге міндеттенеді. ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау» заңының 21.05.2013 ж. заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес Қарыз алушы Шартқа қол қоя отырып, өзінің дербес мәліметтерін жинауға және өңдеуге рұқсатын береді.

**14.4.** Қарыз алушы Шартқа қол қоя отырып, МҚҰ-ға кепіл беруші/ кепілгердің, қосалқы қарыз алушының алдында, сондай-ақ басқа тұлғалардың алдында микрокредитті беру, қызмет көрсету және өтеу немесе Қарыз алушыны негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен қарыздың болуы туралы ақпараттандыру, сондай-ақ Қарыз алушыға микрокредит бойынша мерзімі өткен қарызды өтеу/ микрокредитті мерзімінен бұрын қайтару қажеттігі туралы талапты жіберу мақсатында микрокредитті беру құпиясын ашуға жазбаша келісімін береді.

**14.5.** Қарыз алушы МҚҰ-ның микрокредитті ұсыну ережелерімен танысқанын, микрокредитті алғанға дейін оның шығындары, микрокредитті алу және оған қызмет көрсетумен байланысты өзге шарттар, сондай-ақ өзінің микрокредитті алуымен байланысты құқықтары және міндеттерімен танысқанын растайды.

**14.6.** МҚҰ және Қарыз алушы Шартта және оның Үлгі шарттарында МҚҰ және Қарыз алушы өз мүддесіне байланысты өзгертуді немесе жоюды қалайтын белгілі бір шарттарды қамтымағанын, сондай-ақ Шартты жасау кезінде олардың әрқайсысы өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ететінін растайды.

**14.7.** Үлгі шарттардың және Шарттың кез келген келісімдері мен қосымшалары олардың ажырамас бөлігін құрайды.

**14.8.** Шартты және оның Үлгі шарттарын орындау кезінде Тараптар оның талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

**14.9.** Шарт әр Тарап үшін бір данадан, бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады және қол қойылады. Шарттың және оның Үлгі шарттарының мемлекеттік және орыс тілдерінде берілген мағыналық мазмұнында басқаша оқылу немесе белгілі бір келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Шарттың және оның Үлгі шарттарының орыс тілінде жасалған мәтіні басшылыққа алынуы тиіс.

**14.10.** Осы Шарттың бөлігін және (немесе) Үлгі шарттарды жарамсыз деп тану оның басқа бөліктерінің жарамсыздығын білдірмейді.